

Атырау облысы

Атырау облысы — Батыс

Қазақстанда орналасқан

облыс. 1938 ж. Гурьев облысы деген

атымен құрылған. 1992 жылы қазіргі

атауына ие болды. Солтүстігінде Батыс

Қазақстан облысымен, шығысында Ақтөбе

облысымен, оңтүстік-

шығысында Маңғыстау облысымен және

батысында Ресейдің Астрахан

облысымен шектеседі. Сондай-ақ оңтүстік

шекарасы Каспий теңізіне келіп тіреледі.

Облыс орталығы - Атырау қаласы.



○ Облыс аймағы Каспий ойпатының солтүстік-шығыс бөлігін, Жем қыраты мен Үстірттің батыс шетін, Каспий теңізінің солтүстік бөлігін алып жатыр. Жері солтүстігінен оңтүстікке қарай аласара түсетін [Ойыл](#), [Сағыз](#), [Жем](#) өзендері салаларымен тілімденген.

Бұл аймақты Жем қыраты мен Үстірттің батыс сілімдері [Донызтау](#) (214 м), оның бөліктері [Желтау](#) (221м), Тамды (175) жоталары алып жатыр. [Кайнар](#) мен Жем өзендері араларында Иманқара (199м) Қойқара қыраттары, Қарамұрат жоны, Алабие, Аққұдық, Қабылан жоталары орналасқан. Олар ақшыл ізбес тастан тұрады. [Жайық](#) өзенінің сол жақ жағалауында [Индер тауы](#) орналасқан. Таудың биіктігі 52 м., ұзындығы 25-30 км, ені 10 км-ге жуық. Нарын құмы (сары түсті) Атырау облысындағы ең үлкен құм массиві Каспий маңы ойпатының оңтүстік және оңтүстік батыс бөліктерінде құмды шағылдар көп тараған. Еділ өзенінің сол жағалауы мен Каспий теңізінің жағалықтарын [Нарын құмы](#) мен [Мыңтөбе құмы](#), [Қосдәулет](#), [Ботай](#) құмдары, Ойыл мен Сағыз аралығын Тайсойған, [Бүйрек](#) құмдары, облыстың шығысын Каспий маңы Қаракұмы алып жатыр. Бұл құмдардың ең үлкені –Нарын құмы. Атырау аумағында кең тараған жер бедерінің бір түрі [сорлар](#). Олардың тереңдіктері 5-10 м-ге жетеді [Ресей](#) шекарасының батыс бөлігінен [Еділ](#) өзені ағып өтеді. [Каспий теңізіне](#) құйып жатқан Еділ мен Жайық өзендерінің ара қашықтығының барлық дерлік бөлігін Атырау облысы алып жатыр. Географиялық тұрғыдан облыстың солтүстік –батыс жағы [Еуропада](#), ал бүкіл шығыс жағы [Азияда](#), негізінен шөлейттік аймақта жатыр. Сонымен қатар Атырау аумағында [тақырлар](#) кездеседі. Ең үлкен тақыр Намаз тақыры деп аталады. Ол облыстың солтүстік шығысында ораласқан

Геологиялық тұрғыдан алғанда Атырау облысы көне [Шығыс Еуропа платформасына](#) ендеп кірген Каспий маңы ойпатының оңтүстік жағалауын алып жатыр.

Атырау облысының шегінде ендік бағыты бойынша 500 км-ге созылған, ені 90—140 км Солтүстік Каспий — Биікжал аймағы бар. Оңтүстік жағында Оңтүстік Жем ылдиымен көмкеріледі, мұндағы іргетастың беті 12—13 км тереңдікте жатыр.

Іргетастың үстінде шөгінді қорабы бар, ол тұз асты, тұзды, тұз үсті кешендеріне бөлінеді, [палеозой](#) және мезокайнозой кезеңдерінде қалыптасқан, жыныстарының жалпы тереңдігі 12—14 км-ден асады. Қаратон—Төгіз аймағында бұрыңғай карбонатты кешен қалыптасқан. Геофизикалық зерттеулердің нәтижелері бойынша оның жалпы қалыңдығы облыстың Солтүстік Каспий аймағында 1,5—3 км-ге дейін, Каспий маңындағы ойпат ернеуінің оңтүстік-шығысында 8—10 км-ге дейін өзгеріп отырады. Тұз асты кешенінің күмбезі оңтүстігінде Оңтүстік Жем инверсиялық биігінен солтүстіктегі ойпаттың орталығына қарай моноклиналды түрде енеді. Тұз асты кешенінің моноклиналды енуінің аясында 3,5—3,8 км-ден 6,0—6,4 км-ге дейінгі тереңдіктен көптеген жергілікті қатпарлар, көлемі мен аумағы жөнінен әр түрлі, көтерілетін жерлердің жолағын құрайтын белгілер ерекшеленеді. Ерекшеленген төбешіктердің ұзындығы 6—20 км-ге дейін, ені 100-300 м-ден 2—13 км-ге дейін құбылып отырады.

Юралық-бор шөгінділер жағалаулық-теңіздік және теңіздік-терригенді, терригенді-карбонатты шөгінділер түрінде кездеседі. Бұл шөгінділердің қалыңдығы облыстың солтүстік бөлігінде 0,3—0,5 метрден Прорва аймағында 3 км-ге дейін өзгеріп отырады.

Тұтастай алғанда облыстың тектоникалық дамуында жауын суының жиналу жағдайындағы сияқты сабақтастық байқалады. Сабақтастық мезгілі жөнінен геологиялық кезендерге сәйкес келеді. Аймақтың жоғарғы пермьдік-триастық, [юра-палеогендік неоген-төрттік](#) даму кезендері айқын көрінеді.



- Атырау облысында континенттігі тым басым климат қалыптасқан. Облыс табиғи ылғалдылығы жеткіліксіз, аңызак желді, шаңды дауылды, жазы ыстық, қуан, қысы қарсыз (не жұқа қарлы) болып келеді.
- Ең ыстық айы — шілде, ауасының орташа температурасы 24—25°C, жалпы ыстық 35-40°C, кейде одан да астам болады.



